

ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙ

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
Ылғи ет жеп жүреді елде болысың-ай.
Ылғи ғана құйрық пен бауыр жер едім,
Егер ғана мен де болсам ауылнай, ауылнай.

Мына қолдың саласынан май тамар,
Ішіп болмай қымыз деген жай қалар.
Болыс болсам, арманым не, уа, шіркін!
Бірақ мына қойды кім бағар, кім бағар?

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
Сағиласы маған көзін салады-ай!
Неге десең, мені түрткіп қалады-ай,
Түрту түгіл, кейде нұқып «адыралай»,
Санымнан да шымшып-шымшып алады-ай!

Әләуләй, әләуләй, әләуләй!
Ой, қой, ой, қой, ой, бұзылған, соққан-ай,
Мына ісінді егер білсе, бәлем, бай,
Екеумізді айдап шығар қосақтай,
Қой, бұзылған, қой, жолама, қой, ойбай!

Қой демекші, қойым қайда, Тәңір-ай?
Тапқан ба екен кебенегі тақыр жай?
Күннің көзі ысып кетті-ау, апырмай,
Қиын болды-ау ақсақ қойдай пақырға-ай!
Сағила бүгін тұщы қатық берсе егер,
Жарар еді-ау, апырмай, апырмай!
Шулай берме, Шопан ата, шәй, шәй, шәй!